

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

**Ө.СҰЛТАНҒАЗИН АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

«БЕКІТЕМІН»
Қостанай мемлекеттік
педагогикалық университетінің
ректоры
_____ Е.А.Әбіл
« ____ » _____ 2019 ж.

**Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық
университетінің корпоративтік әдеп Кодексі**

Көшірмесі	Коды	Баспасы	Әзірлеген	Келісілді	Келісілді
	ҚМПУ II	бірінші	Р.Қ.Бекмағамбетов	Г.А.Мусабекова	Б.Б.Кадыржанова

ҚОСТАНАЙ, 2019

Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің корпоративтік әдеп Кодексі

1. Негізгі ережелер.

1. Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің оқытушылары мен қызметкерлерінің корпоративтік этикасының осы Кодексі Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Ғылым туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрықтары мен басшылық құжаттарына, ЖОО жарғысына және жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларына сәйкес әзірленді.

2. Кодексте ЖОО-ның студенттері мен қызметкерлері үшін міндетті әдептілік қағидаттар бекітілген. Барлық қызметкерлер мен білім алушылар жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, әлеуметтік жағдайына және діни ұстанымына қарамастан адал және әділ қарым-қатынас алуға құқылы. Кез келген түрдегі кемсіту мен қысым көрсету осы Кодекске қайшы келеді және тиімсіз болып табылады.

3. Кодекс жалпыға танылған адамгершілік құндылықтарға, адам құқықтарының басымдығына, азаматтық қоғамның демократиялық идеяларына және қазақстандық патриотизмге негізделген қатынастарды реттейді.

Кодекс келесі қағидаттарға негізделген:

- төзімділік;
- ұжымшылдық;
- академиялық адалдық;
- корпоративтік ынтымақтастық.

4. Кодекстің мақсаты ЖОО-да өзара сыйластық, мейірімділік, ғылыми және шығармашылық ынтымақтастық атмосферасын құру болып табылады.

5. Кодекстің міндеттері:

- тұлғаның адамгершілік, мәдени және зияткерлік дамуын қамтамасыз ету;
- ұжымның әрбір мүшесінің құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау;
- ЖОО ұжымында қолайлы моральдық-психологиялық климатты ұстау;
- қазақстандық патриотизмді қалыптастыру.

6. Кодекстің барлық ережелерін, сондай-ақ ҚМПУ ішкі тәртіп Ережелерін сақтауы барлық штаттық қызметкерлер; келісім-шарт бойынша белгілі бір жұмыстарды орындайтын қызметкерлер; ынтымақтастық туралы халықаралық келісімдер шеңберінде жобаларға тартылған шетелдік әріптес-қызметкерлер үшін міндетті болып табылады.

7. Университетке жұмысқа қабылдау кезінде, сондай-ақ еңбек шартына әрбір қол қою кезінде, қызметкер осы Кодексті сақтау туралы Міндеттемені оқып, қол қоюға тиіс.

2. Университет қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері.

8. Университет қызметкерлері құқылы:

8.1. Ғылыми және педагогикалық бастамаларға, ғылыми қызметке және оқыту құралдарын, формаларын, әдістерін еркін таңдауға;

8.2. Жеке ғылыми және педагогикалық қызметке;

8.3. Қоғамдық өзін-өзі басқаруға қатысу, университеттің сайланбалы органдарының және олардың құрылымдық бөлімшелерінің жұмысына қатысуға;

8.4. Өзінің педагогикалық және ғылыми құзыреттілігін арттыруға;

8.5. Университеттің және оның бөлімшелерінің ғылыми, әлеуметтік және оқу қызметінің маңызды мәселелерін талқылауға және шешуге қатысу, олардың жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар беруге;

8.6. Қайта даярлау және біліктілікті арттыруды жүзеге асыратын ұйымдар мен мекемелерде қайта даярлау және біліктілікті арттыруға, ғылыми қызмет және оқыту бағдарламаларын, нысандарын, мазмұнын еркін таңдауға;

8.7. Оқу және ғылыми бөлімшелердің қызметтерін, кітапхананың, ақпараттық қорлардың, сондай-ақ университеттің әлеуметтік - тұрмыстық, спорттық-сауықтыру құрылымдық бөлімшелерінің қызметтерін пайдалануға;

8.8. Кәсіби ар-намысының, қадір-қасиетінің қорғалуына;

8.9. Университет әкімшілігінің бұйрықтарына, өкімдеріне және басқа да актілеріне, белгіленген тәртіппен шағымдануға.

9. Университет қызметкерлері міндетті:

9.1. академиялық адалдық пен парасаттылықты бұзуға жағдай жасайтын кез келген көріністер мен әрекеттерге қарсы тұруға;

9.2. ЖОО-ның мүдделері мен имиджіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттерге қарсы тұруға;

9.3. ЖОО меншігіне ұқыпты қарау және оны тиімді пайдалануға;

9.4. жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын сақтауға;

9.5. ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік тілге және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға;

9.6. еңбек тәртібін бұлжытпай сақтауға, өзінің қызметтік міндеттерін адал және сапалы атқаруға;

9.7. университеттің қызметкерлері мен білім алушыларының имиджіне нұқсан келтіретін негізсіз мәліметтерді жариялауға жол бермеуге;

9.8. қызметтен тыс уақытта жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстануға, қоғамға жат мінез-құлық көрсету жағдайларына жол бермеуге;

9.9. қолайлы моральдық-психологиялық ахуал жасауға;

9.10. даулы жағдайларды шешуде әдептілікті сақтауға;

9.11. кәсіби шеберлікті арттыруға;

9.12. ғылыми және кәсіби этика нормаларын ұстануға;

3. Білім алушылардың құқығы мен міндеттері.

10. Білім алушылар:

10.1. мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары шеңберіндежеке оқу жоспарлары немесе жеделдетілген білім беру бағдарламалары бойынша оқуға;

10.2. қосымша, оның ішінде ақылы білім беру қызметтерін алуға;

10.3. жоғары оқу орны әрекетінің маңызды мәселелерін талқылауға және шешугеқатысуға, оның ішінде қоғамдық ұйымдар мен ЖОО-ның басқару органдары арқылы;

10.4. жоғары оқу орнының кітапханаларын, ақпараттық қорын, ғылыми, оқу, медициналық және басқа да бөлімшелерінің қызметтерін, белгіленген тәртіппен, тегін пайдалануға;

10.5. ғылыми-зерттеу жұмыстарының барлық түрлеріне, конференцияларға, конкурстарға қатысуға, өз жұмыстарын жариялауға, оның ішінде университет басылымдарына ұсынуға;

10.6. кез келген нысанда (жазбаша, ауызша) университеттің оқу процесін ұйымдастыруды жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге;

10.7. университеттің алқалық органдарына сайлануға;

10.8. Қазақстанның жоғары оқу орындарында және шетелде академиялық ұтқырлық бағдарламаларына және ынтымақтастық негізінде қос диплом бағдарламаларына қатысуға;

10.9. оқудан тыс уақытында жұмыс істеуге;

10.10. әлеуметтік жобаларды іске асыруға, жастар ұйымдарының жұмысына, волонтерлік қозғалыстарға қатысуға құқылы.

11. Білім алушылар міндетті:

11.1. ЖОО-ның барлық қызметкерлері мен білім алушыларға қатысты әдептілікті сақтауға;

11.2. ЖОО беделін нығайтужәне қолдауға;

11.3. оқу тәртібін сақтауға;

11.4. салауатты өмір салтын ұстануға;

11.5. оқу орнының дәстүрлерін құрметтеуге;

11.6. ЖОО-ның мүлкіне ұқыптылықпен қарауға, тазалық пен тәртіпті сақтауға;

11.7. даулы жағдайларды шешуде принципшілдік көрсету;

11.8. бір-біріне қатысты толеранттылық қағидатын ұстану;

11.9. академиялық адалдық пен парасаттылықты бұзуға жағдай жасайтын кез келген көріністер мен әрекеттерге қарсы тұруға;

11.10. ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік тілге және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға;

11.11. оқу уақытынан тыс жалпы қабылданғанморальдық-әдептілік нормаларын ұстануға, қоғамға жат мінез-құлық көрсету жағдайларына жол бермеуге;

4. Университеттің қызметкерлері мен білім алушыларына арналған шектеулер тізімі.

12. Қызметкерлер мен білім алушыларға тыйым салынады:

12.1. экстремистік және зорлық-зомбылық әрекеттер жасауға, ұлтаралық, конфессияаралық және әлеуметтік қақтығыстарды туғызуға;

12.2. қызметкерлер мен білім алушыларға қатысты қудалаудың кез келген түрін және психологиялық зорлық-зомбылық көрсетуге;

12.3. қызметкерлермен білім алушылармен өзара қарым-қатынаста дөрекілікке, ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіруге, оларға моральдық немесе материалдық залал келтіруге, құқығына қарсы іс-әрекеттер жасауға жол беруге;

12.4. алынған ақпаратты бұрмалауға, жеке және персоналды мәліметтерді, сондай-ақ жалған ақпаратты таратуға;

12.5. басшылықтың келісімінсіз жұмыс және оқу уақытын жеке мақсатта пайдалануға;

12.6. ЖОО аумағында әкімшіліктің рұқсатынсызкоммерциялық қызметті жүзеге асыруға;

12.7. құмар ойындар ойнауға;

12.8. кез келген есірткі заттарын дайындауға, таратуға, қолдануға;

12.9. жарылыс қаупі бар заттарды және қарудыалып жүруге немесе иеленуге;

12.10. ЖОО аумағында алкогольдік немесе уытқұмарлық мас күйінде жүруге;

12.11.ЖОО мүдделеріне қайшы келетін өзге де жағдайларды жасауға.

5. Қызметкерлер мен білім алушылардың жауапкершілігі.

- Кодекстің кез келген талаптарын бұзған жағдайда қызметкер немесе білім алушыларға,ҚР Еңбек кодексіне сәйкес тәртіптік жазалау шаралары қолданылады.
- Кодекстің талаптарын бірнеше рет немесе өрескел бұзған қызметкерді жұмыстан босатуға немесе білім алушыны оқудан шығаруға әкеп соғады.
- Қызметкер немесе білім алушы тарапынан Кодекс талаптарын бұзудың жеке жағдайлары бойынша, корпоративтік этика жөніндегі Комиссия отырысы өткізіледі.